



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

# Сапа бойынша есеп

*2019 жылғы Қазақстан Республикасындағы лайықты  
еңбек өлшемінің статистикалық көрсеткіштері*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Әсем Жұмабайқызы Кәрібаева

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Белоносова Наталья Евгеньевна

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8, Министірліктер үйі, кіреберіс 4

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

As.Karibaeva@economy.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8 7172 74-96-88

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Зерттеу жүргізу мақсаты - лайықты еңбек өлшемінің көрсеткіштері бойынша (қолда бар жұмысы (табысты кәсібі) оның қорғалуы және тұрақтылығы, жұмыс беруші тарапынан жұмыспен қамтылғандарды әлеуметтік қолдаумен (қорғаумен) қамтамасыз ету деңгейі, жұмыспен қамтылған халықты кәсіби оқыту мен қамту дәрежесімен өндірісте қолайсыз немесе қауіпті еңбек жағдайларының болуы) өзекті және объективті деректерді алу болып табылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

14.02.2020

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

12.02.2020

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

12.02.2020

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Жұмыс аптасының нақты ұзақтығы бойынша жұмыспен қамтылған халық;

Қосымша уақыт жұмыс істегісі келетін, жұмыспен қамтылған халық;

Кәсібі дайындықтан және біліктілікті арттырудан өткен жұмыспен қамтылған халық;

Жұмыспен қамтылған халықтың әлеуметтік қорғалуы;

Жұмыспен қамтылған халықтың еңбек қауіпсіздігі;

Жұмыспен қамтылған халықтың қолайсыз және қауіпті еңбек жағдайларының себептері;

Мектепке дейінгі жастағы балалары бар жұмыспен қамтылғандар.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

1) ISO Жұмыспен қамтудың мәртебесі халықаралық жіктеуіші;

2) ЭҚЖЖ ҚР (Ж 03-2019 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші);

3) ЭАОЖ ҚР ҰЖ 11-2009 Әкімшілік- аумақтық объектілер жіктеуіші;

Бұл жіктеуіштер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында "Классификаторлар" бөлімінде орналасқан.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға халықты жұмыспен қамту бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеуге қатысатын жұмыспен қамтылған үй шаруашылықтары кіреді.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект. Зерттеуге 59 134 үй шаруашылы қатысады. Байқау түрі – іріктемелі. Интервьюер үй шаруашылығындағы жұмыспен қамтылғандардан 3-тоқсанның айларында (шілде, тамыз, қыркүйек) Т-004 нысанының сұрақтары бойынша сұрау салу жүргізіледі. Ұсыну мерзімі - 16 шілде, 20 тамыз, 17 қыркүйек. Статистикалық жұмыстар распарена сәйкес ақпаратты жариялау келесі жылғы ақпан айында. "Лайықты еңбек Т004" нысаны "Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі" әдістемесіне сәйкес құрастырылған. Нысан қайта қаралды және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен тіркелген және Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) ресми сайтында қолжетімді.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылығы

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Әрбір үй шаруашылығында 15 жасқа толған, оның барлық мүшелеріне сұрау салынады. Үй шаруашылығы бір адамнан тұруы мүмкін, яғни жеке тұрғын үй-жайда тұратын немесе оның бөлігінде және тұрғын үйге арналған барлық қажеттіліктермен өзін қамтамасыз ететін адамдар, сондай-ақ өзінің қаражаттарын толығымен немесе ішінара біріктіре және жұмсай отырып, бірге тұратын және жалпы шаруашылықты жүргізетін бірнеше адамдар.

Бұл адамдар туыстық қатынастармен немесе некеден туындайтын қатынастармен байланысты болуы не туыс болмауы немесе ондай да басқадай да болмауы мүмкін. Сұрау салу кезінде зерттеу кезеңінде уақытша болмағандарды қоса тұрақты(әдетте) тұратын адамдар есептеледі. Сұрау салынатын адам өз уақытының көп бөлігін өткізетін пәтері, үйі, елді мекені тұрақты тұрғылықты жері болып есептеледі. Бұл орын тіркелімге (тіркелуіне) сәйкес оның заңды тұрақты тұрғылықты жерімен сәйкес келуі немесе келмеуі мүмкін. Осы үй шаруашылығының мүшелері болып есептелетініне және осы мекенжай олардың негізгі тұрғылықты жері болуына қарамастан ұзақ уақыт бойы болмаған адамдар туралы ақпарат жиналмайды. Оларға:

- оқу орны бойынша тұратын барлық оқу орындарының студенттері және оқытындары;
- басқа елді мекендерде іссапарда немесе зерттелетін аптаға дейін шетелде алты ай және одан да көп уақыт болатындар;
- казармалар мен әскери аумақтарда тұратын Қарулы Күштердің мерзімді қызметіндегі әскери қызметшілер;
- ауруханада емделіп жүргендер (алты ай және одан да көп);
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылу түрінде және жазасының мерзімін өтеп жүрген сотталғандар;
- зерттелетін аптаға дейін алты ай және одан көп басқа да шыққандар жатады.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана.)

#### S.4.8 Қамту уақыты

2005 жылдан бастап

#### S.4.9 Базалық кезең

Былтырғы жылдың тиісті кезеңімен ара қатысы белгіленеді

#### S.5 Өлшем бірлігі

Адам

#### S.6 Есепті кезең

жылына үш рет

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 тамызда № 14070 болып тіркелді.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

4.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

#### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

Сауалнама ерікті, құжаттар қажет етілмейді, дерекдер агрегатталған түрде жарияланады, бастапқы деректермен сауалнама бір жыл сақталады.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) «Негізгі» бөлімінде// «Статистика саласындағы НҚА» орналасқан.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында кезделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы сапалы ресми статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

ҚР ҰЭМ СК сайты МНЭ РК [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)/"Негізгі"/ "Ресми статистика" //"Салалар бойынша"/ "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы".

#### S.10 Тарату жиілігі

жыл

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы "Қазақстан Республикасындағы лайықты еңбек" (жыл сайын). Бұл ақпарат ҚР ҰЭМ СК сайтында [www.stat.gov.kz/](http://www.stat.gov.kz/) "Негізгі"//"Жаңалықтар" бөлімінде орналасқан.

#### S.11.2 Жарияланымдар

Жыл сайын электронды кестелер түрінде жедел ақпарат және статистикалық бюллетень. Комитеттің сайтында: [www.stat.gov.kz/](http://www.stat.gov.kz/)"Негізгі" // "Ресми статистика" //"Салалар бойынша"// "Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы".

#### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

АТЖ Талдау Еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы бөлімінде

##### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

#### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Микродеректерді алу мүмкіндік жоқ. Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары аясында реттеледі (Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz/) сайтында орналастырылған).

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі. Барлық әдіснама Комитеттің [www.stat.gov.kz/](http://www.stat.gov.kz/) сайтында еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы бөлімінде орналасқан.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.



5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Жұмыспен қамту статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.
- стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде форматтық-логикалық бақылау;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

##### S.13.2 Сапаны бағалау

БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесінің жаһандық бағасы (2008ж., 2017ж.).

-Лайықты еңбек индикаторлары көрсеткіштерінің әдіснамалары Халықаралық еңбек ұйымы стандарттарымен сәйкестендірілген. «Қазақстан Республикасында лайықты еңбек өлшемінің статистикалық көрсеткіштері» бюллетені деректері негізінде Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының, Еуразиялық экономикалық комиссиясының халықаралық сұрақнамалары толтырылады.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар.

##### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Комитет "Пайдаланушыларға сауал салу" Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты қолданушыларға жыл сайын сауал салу жүргізеді.

##### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «30» маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген «Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру» әдістемелік ұсынымдары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 5 ақпандағы № 17 бұйрығымен бекітілген Лайықты еңбек (индексі Т-004 ,кезеңділігі жылына үш рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулығына сәйкес деректердің толықтығы қамтамасыз етеді.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Үй шаруашылықтарынан жауап ала алмау жағдайында зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыру жүзеге асырылады. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыру үшін арналған.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «30» маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген, халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес, халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеуі үшін ағымдағы жылға іріктемелі жиынтық көлемін анықтаған кезде өткен жылғы халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу нәтижелері іріктемесінің салыстырмалы қатесін есептеу қолданылды.

Жыл сайын «Қазақстан Республикасында лайықты еңбек өлшемінің статистикалық көрсеткіштері» бюллетенінде салыстырмалы іріктеме қатесі есептеледі және жарияланады.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

S.15.3.1 Қамту қатесі

Интервьюер тек тізімдерге сәйкес іріктемеде көрсетілген мекенжайда тұратын үй шаруашылықтарының мүшелерінің сұрау салуын жүргізеді.

2019 жылғы халықты жұмыспен қамту зерттеуінің нәтижелері бойынша салыстырмалы стандартты қате 0,002 пайыз.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Деректерді ала алмау іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған жағдайда орын алады. Зерттеуге мүлдем қатыспаған жағдайда салмаққа өзгерістерді еңгізуде қарапайым схема қолданылады. Бас жиынтыққа қолданылатын деректерді алу мақсатында зерттеу қорытындыларына статистикалық салмақтау жүргізіледі.

Іріктемелі зерттеудің нәтижелерін салмақтау әрбір жеке бақылау бірлігіне – персонаға сәйкес салмақ меншіктеу арқылы жүргізіледі.

#### S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Ондай болмайды

#### S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

##### S.16.1 Уақыттылық

##### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Бірінші нәтижелерді өңдеу мен «Қазақстан Республикасында лайықты еңбек өлшемінің статистикалық көрсеткіштері» бюллетенің жариялау уақыты орташа алғанда 10 күнді құрайды.

Жыл бойынша алғашқы қорытындылар есепті кезеңнің 3 - тоқсанында қалыптастырылады және түпкілікті болып табылады. Шығару күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген (келесі жылғы ақпан).

##### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Зерттеу қорытындылары статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жыл сайын жарияланады және ақырғы болып табылады.

##### S.16.2 Ұқыптылық

##### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 89 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистикакомитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2019 жылы жариялымдар мерзімінде жарияланды. Жариялану күні демалыс немесе мереке күндеріне түссе келесі күнде ауыстырылады.

##### S.17 Салыстырмалылық

##### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумақтары шеңберінде

##### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1

##### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Лайықты еңбек көрсеткішінің серпінді қатары 2005 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңдарында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сонымен қатар Еңбек Статистиктерінің Халықаралық Конференциясында (бұдан әрі – ЕСХК) қабылданған анықтамалар және Халықаралық Еңбек Ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) ұсынымдары пайдаланылады.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

ТҰҚ (тұрғын үй-қоры) тіркелімдері қоры және халық саны деректерін қолданамыз.

## S.19 Жүктеме

Деректер қағаз тасымалдаушы түрінде жиналады. Ақпаратты өңдеу процесі локалды бағдарламалық кешенді қолдану арқылы автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпараттарға бақылау қарастырылған.

Хронометриялық жолмен үй шаруашылығының 1 мүшесімен сауалнамалық пікіртерім жүргізуге шамамен 10-15 минут кететіндігі анықталды. Үй шаруашылығын тұрмыс деңгейі бойынша зерттеу деректері бойынша орташа отбасылық коэффициент - 4 адам. Осылайша, бір сауалнаманы толтыруға кеткен орташа уақыт 40-45 минут.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Т004 Лайықты еңбек сауалнамасы ҚР заң актілеріне сәйкестендіру мақсатында жыл сайын қайта қаралды.

Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика Комитетінің ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсында респонденттерге – 2020 жылға статистикалық нысандар бөлімінде орналастырылған.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізу негізінде құрылған. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін бас жиынтық ретінде «Статистикалық тұрғын үй қоры тіркелімі» (бұдан әрі – СТҰҚТ), «е – Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті болып табылады.

Аталған дерекқордың бірқатар артықшылықтары бар:

іріктеменің дайын шеңберінің бар болуы;

тұрақты актуалданатын деректер қорының бар болуы;

аумақтық бөліністе үй шаруашылықтары туралы ақпараттардың бар болуы.

СТҮҚТ есепке алудың бірліктері Қазақстанның аумағында орналасқан барлық тұрғын үйлер және тұрғын үй- жайлар болып табылады. Оларға пәтерлер, бір пәтерлі (жеке) үйлер, екі пәтерлі үйлер, үш және одан да көп пәтерлі үйлер кіреді.

СТҮҚТ дерекқоры екі кестеден тұрады, үй – негізгі кесте, ол жалпы тұрғын үй бойынша ақпаратты қамтиды; пәтер – қосымша кесте, ол тұрғын үйдегі әрбір пәтер бойынша ақпаратты қамтиды.

Бас жиынтықты қалыптастырудың ерекшеліктері:

бас жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерді, жатақханаларды, қарттар және мүгедектерге арналған интернат-үйлерді, балалар үйін, түрмелерді, қонақ үйлерді, діни қауымдастықтарды және басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларды қоспағанда тұрғын жайдың барлық түрлері кіреді;

ақпарат жинау барысында интервьюерлерге жүктемені азайту мақсатында бас жиынтықтан жалпы үйлер саны 100-ден төмен үй шаруашылығынан тұратын елді мекендер алып тасталады.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жылына үш рет

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізу негізінде құрылған. «Лайықты еңбек» бойынша T004 статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште деректерді жинау жүзеге асырылады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі форматты-логикалық бақылауды қамтиды.

Анықтықты тексеру келесілерді қамтиды:

- негізгі жиынтықты қамтудың сәйкестігін тексеру;
- статистикалық процестерді алдыңғы циклдермен салыстыру;
- статистикалық деректерді басқа тиісті деректермен салыстыру.

#### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды

#### S.21.6 Түзету

Қолданылмайды

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

#### S.22 Ескерту